

толықтыратын өндірістердің, парктердің негізгі тиімділігі, идеяның тууынан оны өндіріске енгізуге дейінгі уақытты 2-3 есе қысқартылуы болып табылады.

Қазақстан Республикасында индустриялық және технологиялық парктер желісін құру болашақта келесі міндеттердің шешілуіне оң ықпалын тигізеді:

- өндірістік инфрақұрылым және өнеркәсіптің дамуымен байланысты Қазақстан үшін мүлдем жаңа кәсіпкерлік қызмет бағытын қалыптастыру және дамыту;
- кәсіпорындардың технологиялық жетілдендірілуін және жеке аймақтардың қайта индустриализациясын қалыптастыру, сонымен қоса өнеркәсіптік аймақтарда өндірістік құрылымды қайта құру;
- конверсиялы кешендердің инфрақұрылымы дамуы негізінде қазіргі озық технологиялық өндірістерді ұйымдастыру;
- нақты секторға инвестициялар ағымын ынталандыру;
- шағын және орта бизнестің, оның ішінде ірі қалаларда венчурлық бизнестің дамуын ынталандыру;
- проблемалы аймақтарда қалалар көлемі бойынша экономикалық базаны күшейту;
- өнеркәсіптік өндіріс орындары мен ірі қалаларда экологияның жақсаруы, жер ресурстарын қолдану тиімділігін көтеру;
- өнеркәсіптік мүлік секторы пен ипотекалық несие тәжірибесін дамыту.

Адамдық фактордың маңызды рөлі Стратегияның жүзеге асырылуы үшін кәсіпқой мамандарды таңдау, тәрбиелеу мен орналастыру, ғылыми-техникалық прогрестің шығармашылық, белсенді қатысушыларын материалды және моральды ынталандыру мәселелерін алдыңғы кезекке шығарады. Ғылыми-техникалық үрдістерді реттеу бойынша жұмыстардың көлемділігі, көп жақтылығы мен күрделілігі Стратегияны жүзеге асыруға озық ғалымдарды, тәжірибелі өндіріс қызметкерлері мен менеджерлерді, біздің еліміз бай, талантты адамдарды тартуды көздейді. Ғылыми-техникалық бағдарламаны орындау кезінде экономиканы ғана емес, мемлекеттік іске адамдардың қатынасын да өзгертіп бейімдеу керек. Бұл үрдісте біздің азаматтарымыздың тәжірибесін, білімін, шеберлігі мен шынайылығын, яғни адамдық ресурстарды пайдалану қажет. Стратегияны жүзеге асыру Қазақстанға жоспарланған мерзімде тұрақты экономикалық дамудың қазіргі траекториясы мен халықтың өмір сүруінің өсімін қамтамасыз етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Исабеков Б.Н., Мұхамбетова Л.Қ. Инновация және кәсіпкерлік. Оқулық. – Астана, 2017. 77-91 б.
2. Мұқанов Д. Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуы: әлеуеті және іске асыру тетігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 274 б.
3. Исахметов Т. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2003-2015 жылдарға арналған инновациялық саясатын жетілдіру тетіктері"

ӘОЖ338.2

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**Самархан Гүлия Айдосқызы, Шекербекова Гүлнұр Бекдәулетқызы,**  
[guliya.samarkhan23@gmail.com](mailto:guliya.samarkhan23@gmail.com)  
Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан,  
2 курс студенттері, «Қаржы» кафедрасы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Ғылыми жетекшісі – Г. Амренова

**Аннотация:** Қазіргі уақытта көптеген елдердің алдында ондаған жыл бұрын құрылған қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту мәселесі тұр. Атап айтқанда, әлеуметтік сала объектілері «сауықтыруды» талап етеді: емханалар, ауруханалар, балабақшалар, мектептер,

ортақ пайдаланылатын жолдар және т.б. Бұл жаңарту айтарлықтай ақша қаражатын салуды көздейді және өз кезегінде қаржыландырудың балама көздерін іздеуді қажет етеді. Осы міндеттерді шешудің пәрменді тәсілдерінің бірі мемлекеттік – жекешелік әріптестік (МЖӘ) болып табылады.

**Тірек сөздер:** мемлекеттік – жекешелік әріптестік (МЖӘ), кәсіпорын, концессиялық жобалар, әлеуметтік маңызы бар салалар, инвестициялар.

МЖӘ – бұл мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлердің тәуекелдерді, пайдалар мен шығындарды, тиісті шарттарда айқындалатын құқықтар мен міндеттерді теңгерімді бөлу шарттарында мемлекеттің жауапкершілігі саласына дәстүрлі түрде жататын салалардағы өзара тиімді ынтымақтастығы.

«Мемлекеттік – жекешелік әріптестік» термині бастапқыда АҚШ – та пайда болған. Білім беру бағдарламаларын қаржыландыруда мемлекет пен жеке сектордың бірлесіп жұмыс атқаруынан басталған. Кейіннен 1950 – жылдары қоғамдық пайдалану нысандарын қаржыландыру қолға алынса, 1960 – жылдары қаланы модернизациялау мен қайта құруда жекменшік кәсіпорында қатысып, бұл байланыс нығая түсті. Осылайша мемлекеттік маңызы бар тас жолдар мен магистральдарды салу және пайдалануға беруде жеке меншік сектор негізгі рөл атқарды. Сонымен қатар Жапонияда бұл тәсілді пайдаланып, алғашында жеке сектордың қаражылай көмегі арқылы көпір салынған.

Қазақстанда да ұтымды әрі тиімді тәсілдерді игеру қолға алынып отыр. Елімізде мемлекеттік – жекешелік әріптестік бағытына көңіл бөлініп, әлеуметтік маңызы бар салаларда жүзеге асырылып келеді.

Қазақстанда мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобалары алғаш рет 2006 жылы жүзеге асырыла бастады. Осы уақыт ішінде Республикалық маңызы бар 3 жоба толығымен пайдалануға берілді: «Шар станциясы – Өскемен» темір жолы, «Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе облысы» өңіраралық электр беру желісі, Ақтау халықаралық әуежайының жолаушылар терминалы. Бұл жобалардың жалпы құны 46,2 млрд теңгені құрады.

Жобалар санының шектеулілігі сол кезде Концессиялар туралы Заңның қолданылуымен байланысты болды. Бұл құжатты пайдалану тек ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруды білдіреді.

Қазақстанда концессиялық жобаларды іске асыру тәжірибесінің болуына қарамастан, тұтастай алғанда стратегиялық деңгейде МЖӘ – нің капиталды көп қажет ететін объектілерге инвестициялау кезінде тәуекелдерді бөлу, мемлекеттік бюджетті жеңілдету және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға бюджет саясатының перспективасын ауыстыру, осы жұмысқа жеке капиталды тарту арқылы мемлекеттік меншік объектілерін басқарудың тиімді әдістерін белгілеу сияқты мақсаттары қазіргі уақытта пысықталмаған [1].

МЖӘ – нің алғашқы пилоттық жобаларының тәжірибесі аз болғанына қарамастан, айтарлықтай оң нәтижелер көрсетті:

1. мемлекеттік маңызы бар объектілерге инвестициялау үшін мемлекеттік емес қаржыландыруды тарту;
2. жобаны іске асыру бойынша тәуекелдерді мемлекет пен бизнес арасында бөлу;
3. басқару функцияларын жеке инвесторға беру жолымен экономикалық тиімді басқаруды қамтамасыз ету;
4. инфрақұрылымды дамытуға заманауи, тиімділігі жоғары технологияларды тарту.

Осындай көрнекі артықшылықтардың болуы МЖӘ – нің белсенді және жан – жақты дамуына серпін берді. Мәселен, соңғы 5 жылда заңнамалық және институционалдық базаны жетілдіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. 2015 жылы «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік туралы» ҚР жаңа Заңы қабылданды. Бұл құқықтық база МЖӘ қолдану салалары бойынша бірқатар шектеулерді алып тастады, қатысушылардың құрамын, келісімшарттардың нысандары мен түрлерін кеңейтті, сондай-ақ жеке қаржылық бастама мүмкіндігін енгізуге мүмкіндік берді. Аталған заңның 3-бабында Мемлекеттік – жекешелік әріптестіктің міндеттері анық көрсетілген:

- Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау;

- инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекет экономикасына инвестициялар тарту;

- халықтың, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі деңгейін және сапасын арттыру;

- Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу [2].

Қазақстанда МЖӨ – нің табысты дамуы МЖӨ тетігін келісілген және сараланған қолданудың жүйелі тәсіліне байланысты.

Сонымен қатар, салалық органдарға мемлекеттік немесе салалық бағдарламалар шеңберінде әрбір саланың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, МЖӨ құралын қолдануды көрсету мүмкіндігін қарау ұсынылады.

Қазақстанда концессиялық жобалардың әдіснамасын, дайындығын және сараптамасын одан әрі жетілдіру қажет. Бұдан басқа, концессия тетігінен басқа МЖӨ нысандарын қолдану перспективаларын зерделеу қажет. Бұл ретте әртүрлі ресурстар мен олардың көздерін оңтайлы және ұтымды тарту, сондай-ақ құқықтық базаны тиісті түзету мақсатында билік пен бизнестің мүдделерін келісудің нақты тетіктерін әзірлеу қажет [3].

Бүгінде елімізде [Қазақстанның мемлекеттік – жекеменшік әріптестік орталығы](#) жұмыс істейді. Бұл елімізде жаңа үлгідегі мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың алдыңғы қатарлы сараптамалық орталығы болып саналады. Бұл орталыққа мемлекеттік – жекеменшік әріптестік саласында жоғары білікті, бірегей білімді және тәжірибелі мамандар жұмылдырылған. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік саласында зерттеулер жүргізуге, инвестициялық жобаларды сараптау және оның іске асырылуын бағалауға бағытталып отыр. Бұл орталық жобаларға консультациялық қолдау көрсете отырып, олардың жүзеге асырылуына қолғабыс көрсетеді [4].

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады [3].

2021 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасында мемлекеттің қатысуымен 672 кәсіпорын тіркелді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,5% -ға аз. Олардың 86,3% -ы немесе 580 компания - жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар, 1 жылда 1,4% -ға төмендеген [5].

Қазақстандық мемлекеттік – жекеменшік әріптестік орталығының деректері бойынша, ағымдағы жылдың 19 ақпанындағы жағдай бойынша елімізде 1347 жоба тіркелген. Оның ішінде 275 жоба конкурс сатысында тұр, 864 жоба іске асырылуда, 38 шарт бұзылды [3].

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы өңірлерінің МЖӨ саласында тіркелген ағымдағы жобалар саны

	Тіркелген жобалар саны	Іске асырылып жатқан жобалар саны
1. Ақмола облысы	76	55
2. Ақтөбе облысы	24	16
3. Алматы облысы	60	40
4. Атырау облысы	33	24
5. Батыс Қазақстан облысы	17	13
6. Жамбыл облысы	93	68
7. Қарағанды облысы	73	49
8. Қызылорда облысы	63	62
9. Қостанай облысы	47	38
10. Маңғыстау облысы	38	19

11.	Түркістан облысы	266	105
12.	Павлодар облысы	57	29
13.	Солтүстік Қазақстан облысы	76	39
14.	Шығыс Қазақстан облысы	256	187
15.	Нұр – Сұлтан қаласы	42	14
16.	Алматы қаласы	73	64
17.	Шымкент қаласы	39	32

Ескерту: [3] дерек көзі негізінде құрастырылған.

Өңірлер бойынша жобалардың басым бөлігі тиесілі үштікті Түркістан (266 жоба), Шығыс Қазақстан (256 жоба) және Жамбыл (93) облыстары құрайды.

Тартылған және жоспарланған инвестициялардың жалпы көлемі 1,1 трлн теңгені құрады. Инвестициялар бойынша өңірлер арасында Алматы облысы көш басында (289,5 млрд теңге).

МЖӘ жобаларының көпшілігі білім беру, денсаулық сақтау, сондай-ақ энергетика және ТКШ салаларына тиесілі.


Жеке бизнес пен мемлекеттің қатысуымен жұмыс істейтін компаниялардың көпшілігі Ақпарат және байланыс саласында, қазірде 115 кәсіпорын жұмыс істейді. Бірлескен кәсіпорындар сондай – ақ кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында және сумен жабдықтау секторында жұмыс істейді [5].

Сурет 1 – Мемлекеттің қатысуымен жұмыс істейтін заңды тұлғалар динамикасы



Ескерту: [6] дерек көзі негізінде құрастырылған.

Сурет 2 – Қазақстандағы МЖӘ келісімшарт көрсеткіштері



Ескерту: [3] дерек көзі негізінде құрастырылған.

Мемлекеттік – жекешелік әріптестік экономика мен бәсекелестікті дамыту үшін қажет. Бұл мемлекет пен бизнестің өзара тиімді ынтымақтастығы, халыққа көрсетілетін қызметтерді жақсарту, бюджетке түсетін жүктемені азайту және инвестициялар тарту. Мемлекеттік – жекешелік әріптестік инвестициялар тартудың үлкен көзі болып табылады. Бұған бюджетке ең аз жүктеме түсіретін сапалы жобаларды ұлғайту арқылы қол жеткізуге болады. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар инвестицияларды барынша тарту, бюджетке түсетін жүктемені азайту, бәсекелестікті дамыту және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін мемлекеттік – жекешелік әріптестік тетігін қолдану жөніндегі жұмысты жандандыруы қажет.

Тұтастай алғанда, Қазақстан МЖӘ саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге бағдарланады, оның флагмандары Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония және Еуропа елдері болып қала береді, МЖӘ қазақстандық моделі біздің мемлекетіміз үшін де, қазақстандық қоғам үшін де, Қазақстанға келетін инвесторлар үшін де оңтайлы тиімді және жайлы болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Шатерникова. Государственно – частное партнерство в Казахстане // Казахстанская еженедельная газета «Панорама» - №32, 17.08.2012 г.
2. «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ.  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379#z>
3. «Қазақстандық мемлекеттік – жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ материалдары
4. <https://atameken.kz/kk/articles/29510-memlekettk-zhekemenshk-rptestk-esk-dst-zhaa-degej>
5. [finprom.kz](http://finprom.kz)
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деректері

ӘОЖ 332.13

## ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

**Санжанова Аяжан, Таңбай Жансая,**

Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан,

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттері

[ayazhan.sanzhanova@bk.ru](mailto:ayazhan.sanzhanova@bk.ru)

Ғылыми жетекшісі – Б. Исабеков

Түйінді сөздер: шағын инновациялық кәсіпкерлік, инновация, инновациялық белсенділік.

**Кіріспе.** Инновация-бұл нарық талап ететін процестер мен өнімдердің тиімділігі сапасының өсуін қамтамасыз ететін енгізілген инновация. Innovation ұғымы алғаш рет XIX ғасырдың ғылыми зерттеулерінде пайда болды."Инновация" ұғымы XX ғасырдың басында австриялық экономистің ғылыми еңбектерінде "инновациялық комбинацияларды", экономикалық жүйелердің дамуындағы өзгерістерді талдау нәтижесінде пайда болды.. Шағын бизнестің болашағы мен даму мәселелерін зерттеудің өзектілігі олардың жалпы дамуына байланысты. Мемлекет шағын бизнесті әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың факторы ретінде қолдайды, ол әр түрлі экстремалдардың әсеріне және "халықаралық олигархияның"әсеріне аз ұшырайды. Нарықтық экономикаға нақты бағдарланған барлық елдерде шағын және орта кәсіпорындар дамыған елдерде инновациялар өндірісіне шоғырланған үлкен бөлігін құрайды.

Қазіргі экономикада инновацияның рөлі айтарлықтай өсті. Инновацияларды қолданбай жоғары ғылыми сыйымдылығы мен жаңалығы бар бәсекеге қабілетті өнімді жасау іс жүзінде мүмкін емес. Осылайша, нарықтық экономикада инновациялар бәсекелестіктің тиімді құралы болып табылады, өйткені олар жаңа қажеттіліктерді құруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге,